

Түркістан облысы
Сарыағаш ауданы
№ 74 жалпы білім беретін мектеп

**Әлеуметтік
педагогтың
жылдық
жұмыс есебі**

Дайындаған әлеуметтік педагог: Будембаева Б.

2023-2024 оқу жылы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
«№ 74 жалпы білім беретін мектеп» МКМ
2023-2024 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға сараптама

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әлауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2023 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды



I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы
 2023-2024 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс оқу-тәрбие жоспарына сай жүргізілді. Оқу жылында оқушылар әлеуметтік санаттары I суретте көрсетілген сандық көрсеткіштерге сәйкес болды.



1-сурет. 2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушылардың сандық көрсеткіші (2022-2023 оқу жылымен салыстырмалы талдау)


Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың орташа өсу динамикасы 2022-2023 оқу жылымен салыстырмалы түрде жасалынды. Мектебіміздегі көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың өсу динамикасының жоғарғы көрсеткіші ықшам ауданымызға жаңадан қоныс аударушылардың көптігіне байланысты.

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – 2. Оқу жылында жетім және АҚҚ оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылардың барлығына үй-тұрмыс жағдай АКТ-сі жасалынған. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршыларына қолдау көрсетілді.

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді(2-сурет).



2-сурет. Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдаудың сандық көрсеткіштері

2022-2023 оқу жылында жалпыға бірдей білім қорынан әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 20 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Арендатор есебінен 1 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 2023-2024 оқу жылында ЖББҚ ыстық тамақпен 7 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Арендатор есебінен 2 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 2022-2023 оқу жылы барысында ЖББҚ ыстық тамақпен қамтылған оқушы санынан 2023-2024 оқу

жылы барысында 13 оқушыға кеміді. Есесіне 1-4 сыныптарда ЖББҚ ыстық тамақпен толық қамтылды



3-сурет. ЖББҚ ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың көрсеткіштері

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 221.

Аудандық ІБ есебінде тұрғандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының себептерін анықтау мақсатында психологиялық сауалнамалар алынып, отбасыларына психологиялық-педагогикалық мінездеме берілді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.


Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат үш отбасына қаржылай қолдау көрсетуге жұмсалды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Жетім және ААҚҚ оқушылардың алты ай сайынға тұрмыстық үй-жай АКТ-сі білім бөлімінің қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне уақытылы тапсырылды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Өткен оқу жылында 15 оқушы «Балдәурен» қала сыртындағы лагерьмен қамтылса, биылғы оқу жылында 25 «Балдәурен» оқушы қала сыртындағы лагерьмен және аудандық «Тау самалы» лагерьмен 24 оқушы қамтылады деп күтілуде.



4-сурет. 2023-2024 жылы атқыралған жұмыстарға SWOT талдау

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

78 ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.


VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Отбасы бақыты» іс-шарасы, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамын:

- 1. Сынып жетекшілерге ата-анамен дұрыс-қарым-қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;*
- 2. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.*

Әлеуметтік педагогтар:  Будембаева Бахыткул Сапарбайқызы.